

Теректі ауданы әкімі
аппаратының басшысы
А.Баяхатовқа

**Теректі ауданының Қазақстан Республикасының 2015-2025
жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске
асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2020
жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспарының Ақсоғым селолық
округі бойынша орындалуы туралы мәлімет**

Округте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстары «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына» сәйкес жүргізіледі.

Жыл басынан бері 28 дана жадынама үлестіріп, қоғамдық орындарда 21 дана плакат ілінді, Ақсоғым селолық округі бойынша осы тақырыпта 2 баннер орнатылды. Округ әкімдігінің интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет туралы арнайы тарау бар. Округ әкімдігінің <http://aksogum-gov.kz/> интернет-ресурсында осы тақырыпта бейнеролик (Әдептілік стандарты жоғары қоғам жолында сіз адамдармен және адамдар үшін жұмыс жасайсыз), ақпараттық мәліметтер(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл туралы ұлттық баяндама) орналастырылды.

Мемлекеттік сатып алулардың барлығы goszakup.gov.kz сайтында жарияланады.

«Ақжайық – адалдық алаңы» жобасы аясында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ашықтығын, қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Smart Tereкта» мобильді қосымшасы туралы дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында кез-келген тұрғын өз ұялы телефонына «Smart Tereкта» мобильді қосымшасын жазып алу арқылы мобильді қосымшада тұрғын үй, жер, балабақша кезектерінде тұрған азаматтардың тізімдерін ашық түрде көруге болатындығын; ауруханаларға кезекке тұру, бос жұмыс орындары, айыппұл төлеу, әкім қабылдауына жазылу, халықтық бақылау, коммуналды қызметтерді төлеу және т.б көптеген қызмет түрлері көрсетілетіндігі туралы сөз қозғалды. Бұл да сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың бірден бір жолы.

Округ бойынша әр айдың үшінші жұмасында сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін «Ақжайық – адалдық алаңы» жобасы аясында қоғамдық қабылдау жүргізіліп отырады.

Ақсоғым селолық округінің әкімі



А.Ахметов